



Бекітемін:
Мектеп директоры М.Е.
Байжұманова М.Е.

«28» 08 2025 ж.

Келісемін:
Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Байжұманова М.Е.
«28» 08 2025 ж.

Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталық «Еркетай» МАД
тобының 2025-2026 оқу жылына арналған

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(5 жас)

Тәрбиеші: Кушкембаева А.Е

Бекітемін:

Сарыөзен негізгі орта мектебінің
директоры М.А
М.Н. Байжуманова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанындағы «Еркетай» шағын орталығы

Топ: МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	
Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет
Қыркүйек	Дене тәрбиесі
	-Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру Салауатты өмірсалтын қалыптастыру. -Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс Тамақтану,қимылдар,ұйқы және күн.ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту -Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бірқырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып,әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;ерсектің белгісімен тоқтап,қозғалыс бағытын өзгертіп,шашырап жүру;заттардың,кегльдердің арасымен,жіптерден аттап жүру;қосалқы қадаммен алға қарай жүру. -Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-к, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету -Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау -Сөйлеуде интонациялық мәнерлік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. -Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері
Тіл дамыту	

	мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту
Көркем әдебиет	-Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. -Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. -Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. -Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау
Сауат ашу негіздері	-Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу -Дыбыс туралы ұғымдарын қалыптастыру Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау -Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. -Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
Қазақ тілі	-Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, - «Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету -Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету -Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.
Математика негіздері	-Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) -Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру - Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. -"Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. -Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. -Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін

	құрметтеуге тәрбиелеу -Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау
Құрастыру	-Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. -Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату -Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. -Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кино үшін қайшыны қолдану.
Сурет салу	-Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. -Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеністіктік қатынастарды жеткізе білу. -Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) -Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын тандау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау -Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. -Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді мүсіндеу. -Бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау. - Біріккен жерлерін тегістеу.
Жапсыру	-Қайшыны қолдануды бекіту: - Жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кино арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кино. -Қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Музыка	-Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. -Балаларды шығармалардың эмоционаллы мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. -Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.